

6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көмірпластиктің соққыға беріктігін арттыру жолдарын зерттеу» тақырыбы бойынша орындалған Мейірбеков Мохаммед Нұрғазыұлының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Қазіргі таңда материалтанудың өзекті мәселелердің бірі беріктігі жоғары және соққыға төзімді көмірпластик туралы Мейірбеков М.Н. бірқатар жаңа жұмыстар алып, диссертацияның ғылыми жаңалығының негізін құрайтын заңдылықтарды анықтай алды.

Мохаммед Нұрғазыұлы «Ұлттық ғарыштық зерттеулермен технологиялар орталығы» (ҰҒЗТО) АҚ-да 10 жылдан астам жұмыс жасайды, бастапқы да магний қорытпаларымен, содан соң 2015 жылдан бастап көмірпластикті зерттеу жобаларына өз үлесін қосып келеді. ҰҒЗТО АҚ базасында жасалған тәжірибелік орау білдегінің техникалық жобасын дайындауда және оны жасауда өз үлесі бар. Материалтану саласын терең меңгерген, ғылыми зерттеулер жүргізуге жоғары деңгейіне ие, материалтану саласында көптеген еңбектері бар.

Мейірбеков М.Н. жұмыста табандылық көрсетіп, барлық ғылыми тәжірибені дер кезінде және өте мұқият орындады. Алынған нәтижелердің сенімділігі еш күмән тудырмайды және заманауи зерттеу әдістерінің түсіндірумен негізделген.

Зерттеу нәтижелері бойынша №2021/0003.3, бюл. № 6007 пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патенті алынды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 9 баспа жұмысы, оның ішінде 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала – Scopus халықаралық дерекқорына кіретін басылымдарда жарияланды. Жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалды.

Жоғарыда айтылған негізге ала отырып М.Н. Мейірбековтің «Көмірпластиктің соққыға беріктігін арттыру жолдарын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, нәтижелердің, қорытындылардың дұрыстығы және олардың жарияланымдарының дәрежесі бойынша диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың авторы Мейірбеков Моһаммед Нұрғазыұлы өзін дербес жұмысқа дайын зерттеуші ретінде көрсете білді және 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші, «ҰҒЗТО» АҚ

«Реактивті қозғалыс

және материалтану»

Департаменттінің директоры

т. ғ. д., профессор

М. Б. Исмаилов

М. Б. Исмаиловтың қолы күеландырылады



*Главной
учетной секретарь
А. И. Искит
А. Искитова*